

Триатлоннан Азия Кубогының кезеңін өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 7 шілдедегі N 140-ө өкімі

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің және республикалық Триатлон федерациясының 2003 жылғы 16-20 шілдеде Ақмола облысының Бурабай кентінде триатлоннан Азия Кубогының (бұдан әрі - Азия Кубогы) кезеңін өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қоса беріліп отырған Азия Кубогына дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі мен Ақмола облысының әкімі Триатлон федерациясымен келісім бойынша, Азия Кубогына дайындық және оны Ақмола облысының Бурабай кентінде өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қатысушылар мен ресми адамдар тұратын және жарыстар өтетін жерлерде қоғамдық тәртіптің сақталуын, олардың қауіпсіздігін, Азия Кубогына қатысушы шетелдік азаматтардың Ақмола облысы Бурабай кенті мен Щучье қаласының қонақ үйлерінде тіркелуін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Азия Кубогына дайындық және оның өткізілу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етуді қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Ақмола облысының Бурабай кентіндегі Азия Кубогы баспасөз орталықтарының халықаралық телефон байланысымен және Интернетке қол жеткізуін қамтамасыз етсін, олардың болатын жерлерінде Азия Кубогына қатысушыларды көлік қызметімен қамтамасыз етуге жәрдем көрсетсін.

7. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі берген тізім бойынша Азия Кубогына қатысушылар мен ресми адамдардың келу және кету құжаттарын ресімдеуге жәрдем көрсетсін.

8. Азия Кубогына дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру 2003 жылға арналған республикалық бюджетте осы іс-шаралардың орындалуына жауапты тиісті мемлекеттік мекемелерге-бағдарламалардың әкімшілеріне көзделетін қаражат шегінде жүзеге асырылсын.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2003 жылғы 7 шілдедегі
N 140 өкімімен
бекітілген

**Триатлоннан Азия Кубогының кезеңіне дайындық және
оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің
құрамы**

Кулагин Сергей Витальевич	- Ақмола облысының әкімі, Қазақстан Республикасы Триатлон федерациясының құрметті президенті, төраға
Қанағатов Елсияр Баймұхаметұлы	- Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары, төрағаның орынбасары
Әкімов Рашит Қайыржанұлы	- Ақмола облысы Щучье ауданының әкімі, төрағаның орынбасары
Мурзин Айдар Хамзаұлы	- Көкшетау қаласы әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Триатлон федерациясының президенті
Рябченко Олег Григорьевич	- Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім бірінші вице-министрі
Айдарханов Арман Тергеуұлы	- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі
Нығматуллин Нұрлан Зайроллаұлы	- Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі
Отто Иван Иванович	- Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі
Әлімбекова Гүлнәр Смәділқызы	- Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі қаржы-экономика бөлімінің бастығы
Төкеев Серік Адамұлы	- Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі Ұлттық штаттық командалар және спорт резерві дирекциясының басшысы

Ахметов - Ақмола облыстық спорт және дене
Қанат Ахметұлы шынықтыру басқармасының бастығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК